



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№94
(20567)



22 маусым, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz



www.facebook.com/syrboiy.kz/



www.instagram.com/syrboiy_kz



https://twitter.com/syrboiy



t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ВОЛОНТЕРЛІК – АДАМГЕРШІЛІКТІ ЖОҒАРЫ ҚОЯТЫН ЖАНДАРДЫҢ ӨМІР САЛТЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық волонтерлер форумына қатысты. Президент өз сөзінде мемлекет пен қоғамның сенімді серіктестігі маңызды екенін атап өтіп, еріктілер қоғамда айрықша рөл атқаратынын айтты.

– Қазақстанда 2020 жыл еріктілер жылы болды, біраз шаруа атқарылды. Қазір еліміздегі волонтерлік ұйымдар саны 3 есе өсті, яғни 680 ұйым бар. Еріктілердің саны 200 мыңға жетті. Барлық аймақта фронт-офистер ашылды. Онда мыңдаған волонтер дайындықтан өтті. Qazvolunteer.kz платформасы жасалды. Яғни, бүгінгі таңда Қазақстанда кез келген адам еріктілер тобына мүше болып, пайдалы іске өз үлесін қоса алады. Шын мәнінде, бұл – зор мүмкіндік. Сондай-ақ біздің волонтерлер Иордания, Кения, Таиланд және Түркия елдеріне арнайы барып, тәжірибе жинақтады.

Осы тұста мен Қазақстан еріктілеріне қолдау көрсетіп жүрген Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдеріне алғыс айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент волонтер болу, ең алдымен, патриотизмнің, яғни отаншылдықтың жарқын көрінісі деп санайды. Бұл – адамгершілік құндылықтарын бөрінен жоғары қоятын жандардың өмір салты. – Еріктілер өнегелі істері арқылы қоғамды дамытуға зор үлес қосады. Жанашырлық – қазақтың қанында бар қасиет. Халқымыз қиындыққа тап болған адамдардан көмегін аямаған. Ел басына күн туған қиын-қыстау сәтте «бір жеңнен

қол, бір жағадан бас шығара» білген. Қазақстанға жер аударылған талай этнос өкілдерін бауырына басып, барын бөліскен. Сондықтан бүгінгі жиынның мақсаты халқымыздың болмысымен үндес екені сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құратынын атап өтіп, барлық еріктілерді Адал азамат деуге болатынын айтты.

– Маған еріктілер мен қайырымды жандардың «кең ауқымда ойла, соған сай әрекет ет» деген қағидаға сүйеніп жұмыс істейтіні ұнайды. Шын мәнінде, ертенгі жарқын болашаққа жету үшін біз бүгін батыл қадамдар жасауымыз керек. Бұл ұстаным экологиялық мәдениет пен саналы тұтыну дәстүрін қалыптастыру үшін өте өзекті. Ол үшін адамдардың сана-сезімі мен дүниетанымын өзгерту керек. Тек сонда ғана реформалардың

нәтижесі тұрақты әрі мәңгілік сипатқа ие болады. Тұлғаның жеке үлгі көрсетуі және «тең-теңімен» қағидатын ұстануы волонтерліктің негізгі қозғаушы күші деп санаймын. Идеяларды белсенді түрде тарату және қайырымдылықты насихаттау қоғам дамуының жауапты азамат және патриотизм ұғымдарына негізделген жаңа парадигмаларын қалыптастыруға ықпал етеді. Осы себепті елімізде волонтерлік қозғалыстың дамуы ілгерілету үшін барынша жағдай жасалады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Қазақстанда 2021-2023 жылдарға арналған Волонтерлікті дамыту жол картасы аясында бірқатар жоба табысты іске асырылды. Мемлекет басшысы қоғамда еріктілік мен қайырымдылық дәстүрін нығайту үшін бірнеше кешенді шара қабылдауды ұсынды.

2-бет

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІ

Қазақстан халқы күтіп отырған жеңілдетілген 4 пайыздық автонесие бағдарламасы тоқтатылады. Бұл туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев мәлімдеді. Министр 4 пайыздық жеңілдетілген автокредит енді тек автобустар сатып алуға ғана беріледі дейді. Осылайша министрлік қоғамдық көліктер проблемасын шешпекші.

Sp Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

4 ПАЙЫЗДЫҚ АВТОНЕСИЕ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІККЕ БАҒЫТТАЛАДЫ

– Қазіргі таңда қаражат ие болады. Жеңілдетілген автонесиеден түскен қаражатты мемлекеттік көліктерді несиелендіруге қайта бағыттау мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Біз бірқатар облыста болдық. Әкімдік өкілдері автопарктерді несиелендіру мәселесін көтеруде, – деді Марат Қарабаев. Айтуынша, Қостанайда қоғамдық көліктердің 90 пайызы, ал Талдықорған мен Оралда 70 пайызының тозығы жетіп отыр. Сондықтан қолда бар қаражатты барынша тиімді пайдалану міндеті тұр. Осыған байланысты қаражатты жеңілдетілген автонесие-лерге – қоғамдық көлікті несиелендіруге бағыттау мүмкіндігі қарастырылды. Өйткені қоғамдық көлікті күнделікті 9,3 миллион қазақстандық пайдаланады.

М.Қарабаев бағдарлама шарттарының өзгеруі елде жеңіл көлік қымбаттайды деген сөз емес екенін де атап өтті. Қазақстандықтар көлікті нарықтық ставкаммен ала алады. Демек, өндірішкердің немесе банктердің бағдарламасын қолдануға болады. Министрдің бұл мәлімдемесі жеңілдетілген автонесие бағдарламасы ашылғанда жаңа көлік аламын деп жүргендердің соңғы үмітін үзгендей болды. Еске салсақ, елдегі жеңіл-

детілген автонесиеу бағдарламасы көптеген пікірталастар тудырған. Өтінім берушілер сыйтғын дұрыс істемей-тіндігіне шағымданды. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтегілерге екі-үш көлікке мақұлданду берілгені жөнінде ақпараттар да тараған болатын.

Қазақстанда жеңілдетілген автонесиеу бағдарламасы былтыр мамырда басталды. Оны іске асыру үшін екінші деңгейдегі банктерге 100 млрд теңге бөлінді. Автокредиттің орташа мөлшері 7,8 млн теңгені құрады. Былтыр шілде айында бағдарламаға бөлінген қаржы таусылғандықтан, банктер өтініш қабылдауды уақытша тоқтатты. Биыл арнайы платформа құрылып, 6 ақпан күні 4 пайыздық жеңілдетілген несиеге autonesie.kz сайтында өтінім қабылданған. Бұл жолы банктер пулга қатысушылардан 5,171 млрд теңге сомаға 569 өтінімін мақұлдады.

Жалпы, бүгінгі күнге дейін арзан автонесиеге 13 мың адам көлік сатып алды. Енді олардың төлеп жатқан несие-лерін реттеу туралы айналымда болып, содан жинақталған қаржыға жеңілдетілген несие-ні беру жалғаса береді. Бірақ тек автопарктер ғана мұның игілігін көретін болады.

3-бет

ҚҰРМЕТ

ИМАНДОСОВТЫҢ ИГІЛІКТІ ЖОЛЫ



Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «РЗА» АҚ президенті Самұрат Имандосовты 75 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.

– Біз Сыр топырағында дүниеге келіп, Алаштың ардақты азаматына айналған аға буын өкілдерін ұлықтауды, олардың жүріп өткен жолын өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге етуді үзбей жалғастырып келеміз. Бүгінгі жиынымыз да адал еңбегімен халықтың ыстық ықыласына бөленген, өнегелі істердің ұйытқысы, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Құрмет», «Парасат», III дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері Имандосов Самұрат Жұманұлының 75 жасқа толған мерейтойы құрметіне арналуда. Құрметті Самұрат Жұманұлы, сіз белсенді қоғамдық жұмысыңызбен бірге егемен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатының артуына әлі де аянбай қызмет етіп келесіз. Өзіңіз негізін қалаған «РЗА» акционерлік қоғамы Қызылорда облысының үлгілі кәсіпорындарының бірі-

не айналды. Оның өнімдері Қазақстанда жоғары сұранысқа ие және Еуропа елдеріне экспортталуда. 2011 жылы кәсіпорын өнімі «Қазақстанның үздік тауарлары» республикалық байқауының жүлдегері болғанын, 2014 жылы «Алтын сапа» сыйлығының «Халық тұтынатын тауарларды шығаратын үздік кәсіпорын» атанғанын мақтанышпен айтамыз. Сіздің өнегелі өмір жолыңыз бен еңбек жолыңыз – ізіңізден ерген жас ұрпаққа үлгі-өнеге, – деді аймақ басшысы. Сыр елінің дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Самұрат Имандосовқа Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Мерейтой иесін Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Қорғанбек Қайруллаев, «Родина Агрофирма» ЖШС директоры, Қазақстанның Еңбек Ері Иван Сауэр, мемлекет және қоғам қайраткері Қожахмет Баймахан-

ов және Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев құттықтап, игі тілектерін жеткізді.

Самұрат Имандосов Қазалы ауданының «Майлыбас» ауылында дүниеге келген. Техник-механик мамандығы бойынша жоғары білім алған. Ол еңбек жолын Қазалы суландыру жүйелері басқармасынан бастады. Әрі қарай басқармада инженер-экономист, гидротехник, бөлім басшысы, Қазақ КСР-нің №64 минералды су шаруашылығының аға прорабы, бас инженері, бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. Еңбектен қол үзбей 1977 жылы инженер-гидротехник дипломын алды. №86 жылжымалы-механикалық колонна бастығы, «Қазалысуқұрылысы» трестінің басқарушысы, 1994-1995 жылдары Қазалы ауданының әкімі, 1996 жылдан «Жер-Су» акционерлік қоғамы вице-президенті, президенті болды. 2000 жылдан бері «РЗА» акционерлік қоғамының президенті. Жоғарғы Кеңестің XII, Қызылорда облыстық мәслихатының II, III, IV және V шақырылымдарының депутаты болды.

Самұрат Жұманұлының қоғамдық қызметін де ерекше атап өту қажет. Ол тәуелсіз еліміздің, туған жеріміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, өзіне артылған халық сенімін ақтады. 2016 жылы Сыр өңірінде құрылған облыстық қоғамдық кеңесті алғашқы күнінен басқарды. Талапшылдығы мен табандылығының арқасында кеңесті аяғынан нық тұрғызып, қоғамдық өмірдегі орнын қалыптастырды.

Самұрат Жұманұлы – Халықаралық «Объединенная Европа» сыйлығының иегері. Қазақстанның Құрметті құрылышысы.

БАСПАСӨЗ – 2023



Құрметті оқырман!

2023 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 3500 теңге, мекемелер үшін – 4500 теңге.

АПЫРАЙ-Ә!

ШАШЫЛҒАН ШАТЫР, ШЫТЫНАҒАН ШЫДАМ

Қызылорда қаласында бір мезетте үй шатырлары үйінді болып қалды.

Табиғаттың тосын сыйы шаһарға қарасты Тасбөгет кентінде орын алды. Аяқастынан бұрқ еткен жаңбыр аралас дауыл жолын жайпап, сыр беріп тұрған ғимараттардың «сырын» ашып кетті.

Sp Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Нақты айтар болсақ, 19 маусым күні Қызылорда облысында қатты желдің салдарынан 7 көпқабатты тұрғын үйдің, 4 орта мектептің, 1 балабақшаның және 1 «Қазпочта» АҚ ғимаратының шатыры ұшқан. Тұрғындар мұның барлығы небәрі жарты сағатта болды дейді.

Жұртшылық балалардың мектепте болмағанына қуанды. Себебі №911, 257, 176 орта мектеп ғимараттарының шатыры жерге құлағанда елдің зәресі ұшқан. Оқушылар ойын алаңында жүрсе, не болар еді? Ал «Қазпочта» АҚ ғимаратының 230 шаршы метр шатыры жерге жығылғанда қаладағы құрылыс сапасының сын көтермейтінін аңғардық.



Тасбөгет кентіндегі №15 екі қабатты тұрғын үй – шатырсыз қалған үйлердің бірі. Мұнда 2012 жылы жаңғырту жұмыстары жүргізілген көрінеді. Тұрғындар жөндеу

жұмыстары тым нашар болды дегенді айтады. Сапамен келіспей, құжатқа қол қоймағандар да бар екен.

4-бет

СУДЬЯ ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

ТӘРТІП ПЕН ӘДІЛДІК БАРДА ӘСЕМДІК ПЕН ІЗГІЛІК БАР

Өткен жылы Үкімет жарлығымен 24 маусым – «Судья мен сот қызметкері күні» болып белгіленді. Кәсіби мерекенің негізгі мақсаты – сала ардагерлері мен қызметкерлерінің қажырлы еңбегіне құрмет көрсетіп, өрісті өнегесін паш ету.



Биылғы жыл да еліміздің сот жүйесін реформалаудағы кезекті жаңалығымен басталды. Осыған дейін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі болып қайта құрылды.

Міндетті жұмыстардан бөлек сотқа келушілерге қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы бірқатар жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, 2022 жылы ғимаратқа жүргізілген күрделі жөндеу нәтижесінде сот жұмысының ашықтығын қамтамасыз етіп, қолайлы орта қалыптастыру мақсатында фронт-офистер талапқа сай қайта жасалды.

Жүйелері бұрынғыдан едәуір жақсарды. Жылу, қарыз жүйесі жаңаланып, электр сымдары мысқа ауысты. Барлық бөлмеге салқындатқыш алынып, сыртқы беті қорғаныш қорықтарымен қапталды. Асхана, автотұрақ қайта жөнделіп, қосымша көлік жуу орны салынды.

Тәрбиелік мәні бар қанатты сөздері де арнайы өрленіп, ғимараттың барлық қабаттарына ілініп, көрік беріп тұрғанын да айта кету керек.

АСЫЛ ҚАЗЫНА

Көне дәуірдің көлмбесі

Тарихымызға тың серпін беріп, құнды мұраларды еркін ел тұрғысынан тану, қолдағы бар құндылықтарды бағамдау барысындағы бастамалар байыпты жүргізіліп келеді.



Бекарыс, ел өзіңізді алғашында ақын ретінде таныды. Ал ғылымға қызығушылығыңыз қалай басталды? Әңгіме әлқиссаның осында бастасақ...

Әрине, кез келген істің өзіне тән қиыншылығы болады. Түсіну басқа да, ойнау сіңіру мүлде басқаша. Әуелі аудармаға дейін диссертация ретінде қорғандым.

Мәрте аударылды. Мұны зерттеулерімде де, мақалаларымда да айтып жүрмін. Өздеріңіз білетіндей, ең бірінші 1986 жылы Асқар Егееубаев есімді түрколог-ғалым, ақын ағамыз аударды.

4 ПАЙЫЗДЫҚ АВТОНЕСИЕ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІККЕ БАҒЫТТАЛАДЫ

Осылайша, былтыр дәл осы уақытта арзан автонеисе ашылғанда 30 жылға созылады деп хабарланған бағдарлама бір жылға жетпей тоқтады.

Баиланысты, қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен министрлікке осы қаражатты жолашулар автобустарын лизингтік қаржыландыруға бағыттауды ұсынған.

Ал «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ автокредит беру бағдарламасы қаражатының нысаналы мақсаты неге өзгергенін түсіндірді.

Автобустарды лизингтік қаржыландыру бағдарламасының шарттары да мәлім болды. Лизингтік қаржыландыру мерзімі 7 жылға дейін, бастапқы жарна лизинг құнының кемінде 15%-ы.

Жалпы, автобустарды лизингтік қаржыландыру 5 жыл бұрын қолға алынған. Осы уақыт ішінде қор 3818 жолашушылар автобусын сатып алуды қаржыландырған.

Тағы бір айта кетерлігі, министр автонеисе алған тұрғындар 100 млрд теңгенің 1 миллиардын жақында қайтаратынын, бұл қаражатты 100-ге жуық автобусты алуға несиере беретінін айтты.

Садыхова Еңлік Бақытқызының атына «Астана» Оқу-клиникалық орталығы» ЖШС Қызылорда облысы бойынша филиалында «Фармация» мамандығы бойынша «Фармация стандарттары GPP» циклы бойынша 4 кредит 120 сағат көлемінде 2023 жылдың 06-20 наурыз аралығында біліктілігін арттырудан өткені үшін 2023 жылдың 20 наурызында берілген №040 біліктілігін арттырғаны туралы куәлігінің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсің.

Қазақстанда қазір 20 әкімшілік аймақ бар. Ақшаны тең бөлсе, әр өңір жылына несиере 15-20 автобус алады. Бір ғана Алматы қаласы 2023 жылы 200 қоғамдық көлік сатып алуды жоспарлап отырғанын ескерсек, бұл түкке тұрғысыз сан екенін байқаймыз.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі №1 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау үшін бекітілген тарифтік смета мен бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының 2023 жылдың жартыжылдығының қорытындысы бойынша есепті тындау 2023 жылдың 26 шілдесінде жергілікті уақыт бойынша сағат 15.00-де Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі №1 мекен-жайы бойынша «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» МГКБ әкімшілік ғимаратының 4-қабатындағы конференция залында өткізілетінін хабарлайды.

Жарамсыз деп есептелсің

ХАБАРЛАНДЫРУ

